

CF 56-E

Ceresit

ӨНЕРКӘСІПТІК ЕДЕНДЕРГЕ АРНАЛҒАН ТОПИНГ

Өнеркәсіптік едендерге арналған нығайтқыш полимерцемент жабын-топинг

ҚАСИЕТТЕРІ

- жоғары беріктік
- желінуі төмен
- майларға төзімділігі жоғары
- соққыға жоғары төзімділік

ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Ceresit CF 56-E – жоғары белсенді цемент, минерал толтырғыштар, үстемелер, пигменттер және арнайы толтырғыш - Моос шкаласы бойынша қаттылығы 9 фракцияланған корунд негізіндегі қолдануға дайын қоспа. Толтырғыштың гранулометриялық құрамы бетон еден жабынының жоғары механикалық сипаттамаларын: беріктікті, соққыға, тозуға төзімділікті және т.б. қамтамасыз ету үшін оңтайландырылған. Ceresit CF 56-E қоймаларда, гараждарда, өндірістік орынжайларда, авиациялық ангарларда, гидроэлектрстанцияларда, жол жабындарында және т.б. елеулі механикалық жүктемелерге шалдыққан монолитті өнеркәсіптік едендерді орнату үшін қолданылады.

НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Бетон негізінің қалыңдығы жобалық жүктемелерге, топырақтың физикалық-механикалық қасиеттеріне және қолданылатын құрылыс материалдарына байланысты ҚНЖЕ 2.03.13-88, ҚНЖЕ 3.04.01-87, МСН В.2.6-22-2001, «Едендерді жобалау және орнату» каталогының, сондай-ақ осы техникалық сипаттаманың талаптарына сәйкес анықталады. Еденнің пайдалану қасиеттерін қамтамасыз ету үшін негізді орнатуға арналған бетон негіздің құрамында 300–350 кг/м³ М 500 немесе М 400 маркасындағы портландцемент болуға тиіс және оның қысуға маркалық беріктігі 30 МПа (бетон класы В25) болуға тиіс. Бетон қоспасы конусының отыруы 15-17 см құрауға тиіс, ал су-цемент қатынасы 0,5-0,55 шегінде болуға тиіс.

Бетон қоспасындағы илемделгіш үстемелер олардың бетонның қатаюына және оның басқа қасиеттеріне әсері тексерілгеннен кейін ғана пайдаланылуы мүмкін. Бетон қоспасының қатаю процесін баяулататын қоспаларды пайдалану ұсынылмайды. Бетон қабатының қалыңдығы кемінде 100 мм болуға тиіс. Бетон «карталарға» төселгеннен кейін дірілдеткіштермен тығыздалады және дірілдеткіштермен немесе тұтқалары ұзын тегістегіштер көмегімен тегістеледі. Бетке шыққан судың артылғанын резеңке қырғышпен жою қажет. Бетон қоспасының қатаю жағдайларына байланысты (ауаның жоғары температурасы, жел, жел өтпелер) бетон қоспасының қатаю және ылғалды жоғалту жалдымдығы айтарлықтай өзгеру мүмкіндігін ескеру керек. Жабын-топингті бітеу кезінде қиындықтар пайда болатынына байланысты цементтің маркасын, су-цемент қатынасын, толтырғыштардың гранулометриялық құрамын өзгерту арқылы бетон қоспасының құрамына түзету енгізу керек.



ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

Бірінші қабатты жағу

Нығайтқыш-топингті жағу арнайы мөлшерлегіш арбалар көмегімен немесе қолмен орындалады. Аяқ киімнен бетте қалған іздердің тереңдігі 3-4 мм-ден аспайтындай бетон соншалықты қатқан кезде, Ceresit CF 56-E қоспасының 2/3 көлемін бетонның бетіне біркелкі шашуға болады. Шашылған құрғақ қоспа негізден ылғалды сіңіріп және беркелкі ылғалданған бетті құрып қарайғанымен, оны ысқылау қажет. Бұл үшін тұтас болат дискілері бар ысқылағыш машиналар қолданылу мүмкін, бірақ бұл ретте бетон негіздің тығыздығы және машиналардың дірілдеуіне төзімділігі жеткілікті болғанына көз жеткізу қажет, себебі бұл су бөлінуіне және беттің тым ылғалдануына келтіру мүмкін.

Екінші қабатты жағу

Жабын-топингтің бірінші қабатын ысқылап болғаннан кейін бірден құрғақ қоспаның қалған 1/3 көлемін бірінші қабатты салғанға перпендикуляр бағытта құю процесін бастау керек. Материал қарайғанымен беттегі ылғалды толығымен таратып бетті ысқылағыш машинаның көмегімен ысқылаңыз. Күрделі жағдайларда төсеген кезде, бірінші қабатты құю құрғақ қоспаның бек жартысын алып жүзеге асырылуға тиіс. Сосын екі бөлек қабат құйылады, әрқайсысы көлемнің қалған жартысын бір-біріне тік бұрышпен пайдаланып салынады.

Учаскелердің шеттері

Учаскелердің шеттеріне және бұрыштарына айрықша сақтық пен назар аудару керек, себебі олар елеулі қажалуға және тозуға шалдыққан. Учаскелердің шеттерін әдетте мына тәсілдердің біреумен нығайтады:

1. Бірден жаңа бетонды тегістегеннен кейін құрғақ қоспаны 5 кг/м² есебінен ені 10 см жолақтармен учаскелердің шеттері бойымен (яғни кума метрге 0,5 кг) қолмен салыңыз.

2. Бірден жаңа бетонды тегістегеннен кейін шетінен тереңдігі 10 мм бетон қабатын жойыңыз. Содан кейін Ceresit CF 56-E қатты ерітіндісін таза сумен араластырып салыңыз. Ерітіндіні негіз бетонымен толық біріктірілгенге дейін тығыздау керек. Осылайша күшейтілген учаскелер әрі қарай финиш қабатын ысқылау барысында нығайтылатын болады.

Henkel

Качество для Профессионалов

Назар аударыңыз!

Нығайтқыш-топингті жетуі қиын жерлерде ысқылауды ағаш немесе металл үккіштер көмегімен орындау керек. Ысқыланған бетті қорытынды ажарлау қуыстары бар ысқылағыш машиналармен жүргізіледі. Нығайтқыш-топингті нығайтқыштың қатая басталғанына дейін ысқылау маңызды. Кеуіп қалған бетонға немесе қатайтылған беріктендіргіш-топингке су қосуға болмайды. Нығайтқыш-топингті салғаннан кейін 3-7 тәулік өткенде бетон еденде деформациялық тігістерді кесуін орындау керек, тігістің ені 3-5 мм, ал тереңдігі 30 мм-ден бетон тақтаның толық қалыңдығына дейін құрауға тиіс. Іс жүзіндегі тәжірибеге сүйенсек, деформациялық тігістерді кесу карталарының максималды өлшемі 6 x 6 м шаршы пішіні болып табылады.

ҰСЫНЫСТАР

Материалды қолдану туралы жоғары берілген ақпараттар басқа онымен жұмыс істеген кезде еденді құру бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттарды басшылыққа алу керек. Осы техникалық сипаттамада берілген ережелерді орындау шартпен материалды қолдану қиындық туғызбайды. Материалды басқа жағдайларда пайдаланған жағдайда сынақтарды өз күшімен жүргізу немесе өндірушіге кеңес алу үшін жүгіну қажет. Нығайтқыш жабындарды салу жұмыстарын қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтап және жеке қорғану құралдарын - арнайы киімді (комбинезон), қолғапты, қорғайтын маскаларды және көзілдірікті пайдаланып жүргізу қажет. Құрғақ қоспаның жаңартылған формуласы құрамында цементте бар белсенді заттарды бейтараптандыратын, терінің күйін және тітіркенуін болдырмайтын үстемелер бар. Материалдың теріге немесе көзге түскен жағдайда таза сумен дереу жуып жіберу қажет. Өнімді деммен тартудан бас тартыңыз, өйткені бұл тыныс жолдарының тітіркенуіне келтіру мүмкін.

ЕСКЕРТУЛЕР

Жұмыстарды негіздің температурасы +10 - +30°C болған және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% аспаған кезде орындау керек. Жоғары берілген барлық ұсынымдар +23°C температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 50% болған кезде тиімді.

Нығайтқыш-топингтің бетін қорғау үшін және бетонды күту үшін бетте толық гидратация және беріктікті бірқалыпты жинау үшін ылғалдың қажетті көлемін ұстауға қабілеті бар үлдірді құрайтын арнайы лактармен ашуын орындау ұсынылады. Осы мақсаттар үшін суды қолдануға жол берілмейді, өйткені бұл жабынның сапасына теріс әсер ету мүмкін (бетте түрлі-түсті дақтар, нығайтылған қабаттың әркелкілігі және т.б.)

САҚТАУ МЕРЗІМІ

Құрғақ жағдайларда, түпқоймаларда, түпнұсқалық зақымдалмаған қаптамада - дайындалған күнінен бастап 12 айдан ұзақ емес.

ҚАПТАМАСЫ

CF 56-E құрғақ қоспасы 25 кг қағаз қаптарда жеткізіледі.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

С құрамы:	цемент, корунд және органикалық түрлендіргіштері, сондай-ақ микроарматуралағыш талшығы бар кварц толтырғыш қоспасы қоспасы
Түстер гаммасы:	Натура, ақшыл-сұр, қара, жасыл, қара көк, кірпіш-сары, кірпіш-
Үймелік тығыздығы:	1,50 +1,60 кг/дм ³
В/ Т=0,12 кезінде 1 тәулікке	кем дегенде 20 МПа
В/ Т=0,12 кезінде 28 тәулікке	кем дегенде 50 МПа
28 тәул. кейін шөгү:	1,2 мм/м артық емес
Қажалуы:	0,15 г/см ² көп емес
Жабынға рұқсат берілетін жүктемелер:	
технологиялық жүктемелер:	7 тәуліктен кейін
жабынның пайдалануға	28 тәуліктен кейін
CF 56-E шығыны:	3,0-5,0 кг/м ²